ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

BULANDY AQPARAT

№ 47 (288)
12.11.2021

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

БҰЛАНДЫ АУДАНЫ


# ХАЛЫҚ БАҒЫНА ТУҒАН ТҰЛҒА

30 жыл дегеніміз тәуелсіз мемлекет үшін көп уақыт емес. Тәуелсіздік алған күннен бастап жаңа жағдай, сол жағдай ерекшеліктерін көлденең тартқан мүлде басқа мемлекеттік ахуал қалыптасты. Геосаяси кеңістігімізді қайтадан қалыптастыру процесіне жаңа көзқараспен қарауға қажеттілік туды.

Уақыт өткен сайын өз тарихымызға қайта үңіліп, біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің жаңа беттерін ашып, Қазақстан тәуелсіздігінің көне дәстүрлерін жаңғыртып, жаңа құндылықтарды қалыптастырудамыз. Ғасырлар қойнауынан асыл азаматтарымыздың мұрасын аршып алдық.

Тәуелсіздіктің мәнін толық түсіну үшін, ең алдымен тарихымызды білуіміз керек, сол арқылы бүгінгі заманның ерекшеліктерін айқындаймыз және болашағымызды нақты бағдарлаймыз. Өз еліңнің тарихын білмей, бүгінгі күнді түсіну қиын болады, сонымен қатар болашақты жоспарлау мүмкін емес.

Тәуелсіздік біз үшін ұлы ұғымдардың бірі. Оның құнын да, пайдасын да, қасиетін де білеміз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жылдар мен ойлар» кітабында былай деп жазды: «Қазақстан тәуелсіздігінің формуласы – бұл тең мәнді екі ұғымның Азаттық пен Жауаптылықтың қосындысы. Жауаптылықтың арқасында ғана біз дамудың дұрыс стратегиялық жолын таңдай алдық, мемлекет құрып, бейбітшілік пен келісімді сақтап қалдық». Яғни тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, оны мәңгі ұстап қалу, қорғау, нығайту, өркендету – әрбір азаматтың борышы.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны мәңгі ұстап қалу әлдеқайда қиын. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткерген тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа жөнсіз тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Бұл барлық тәуелсіз елге сабақ болуы керек.

2011 жылы біз Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойын атап өттік. Сол мерекенің қарсаңында Ұлыбританияның белгілі жазушысы әрі қоғам қайраткері Джонатан Айткен менен сұхбат алды. Ол кезде мен Білім және ғылым министрінің орынбасары болатынмын.



Джонатан Айткен егемен Қазақстан және Елбасы туралы бірнеше кітап жазып, олар қазақ және орыс тілдеріне аударылып, жарық көрген. Сұхбат барысында Джонатан Айткен маған бір қызық сұрақ қойды: «Әлемде екі жүзден астам мемлекет бар. Олардың көбінде президенттік басқару жүйесі бар. Олар өз мемлекет басшыларын «Президент» деп қана атайды. Ал сіздер Қазақстанда Нұрсұлтан Назарбаевты «Президент» және «Елбасы» деп атайсыздар. Ол неліктен? Сонда сіздер өз Президенттеріңізді басқалардан артық етіп көрсеткілеріңіз келе ме?».

Мен сонда оған былай деп жауап бергенім бар. Президентті Елбасы деп атау – үлкен мәртебе, сонымен қатар үлкен жауапкершілік. Мемлекеттің келешегі, халықтың тағдыры алдындағы жауапкершілік. Екі мысал келтірейін. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көп қиындық болғаны белгілі: экономика күйреген, саяси жүйе тұрақталмаған, жалақы мен зейнетақы, студенттердің шәкіртақысы уақтылы берілмеді, халық жылу және электр қуатымен тұрақты қамтамасыз етілмеді. Сол жылдары Елбасы әлемде теңдесі жоқ Халықаралық «Болашақ» бағдарламасын бекіткен болатын. Оның мақсаты – қабілетті жастарды іріктеп, оларға дамыған мемлекеттердің іргелі университеттерінде сапалы білім алуға жағдай жасау болды. Сонда «Осы бағдарламаның қажеті не, мемлекеттің жағдайы жақсарғаннан кейін жасауға болмас па еді?» деген пікірлер де айтылды. Ал бүгін мыңдаған жастарымыз осы бағдарлама арқылы шетелде білім алып, елге оралып, әртүрлі салада нәтижелі еңбек етуде. Дана халқымыз: «Бір жылдығын ойлаған дән егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған – ұрпағына білім-нәр егеді», деп білімнің ырыс қазығы екендігін өсиет еткен. «Болашақ» бағдарламасы – тәуелсіздіктің айқын көрінісі. Бірде-бір дамыған мемлекеттің өзінде осындай бағдарлама жоқ. Шетелде оқитындар өз ақшасына білім алады.

Екінші мысал – астанамызды Алматыдан Ақмолаға көшіру. Елбасы 1994 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарының алдында осы ұсынысты жасағанда, олар дауыс беріп сырттай қолдағанымен, біразының іштей толық келіспейтіндігі көрініп тұрды. Көпшілігі мұны құрғақ қиял деп білді. Жаңа бастамаға сенімсіздік танытып, сары уайымға салынатындар да аз емес еді. Дағдарыс жағдайында осындай орасан зор жобаны қолға алудың қаншалықты қажеті бар? Көпшілікті мазалаған сұрақ осы еді. Сол кезде үлкен саяси батылдық көрсетіп, барлық жауапкершілікті Елбасы өз мойнына алды. Оның нәтижесін бүгін көріп отырмыз.

Осы екі мысал Елбасы феноменін айқын көрсетіп тұр. Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев болғаны – Алаш жұртына Алланың берген бағы шығар.

Тәуелсіздіктің арқасында жастарымыз көптеген құндылыққа ие болды. Мысалы, біз басқа саяси жүйеде тәрбиелендік. Көп мәселелер Мәскеуге қарап шешілетін. Кеңес Одағы кезіндегі қазақ жастарының бойында басқа ұлттарға жалтақтау психологиясы, «не болса да, халықпен бірге көреміз» деген менталитет қалыптасты. Құдайға шүкір, Елбасымыздың жастарға деген қамқорлық саясатының арқасында бүгінгі жастарымыз ондай көзқарастан айырылды. Олар – алғыр, келешекке үлкен үмітпен қарайды. Елбасына сенеді, Тұңғыш Президентіміздің саясатын қолдайды.

Егемен еліміздің арайлы ақ таңының барқыт пердесін тек белсенді, білімді де білікті жастар ғана аша алады. Сондықтан да болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артқан азаматтары – асқақ рухты, алғыр да айбынды жастар десек, қателеспейміз. «Жастар жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады» деп жасампаз елдің жастарына қай уақытта да үлкен сеніммен қараған Елбасымыз: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», деп пайымдаған. Расында да, Қазақстанның дамуына айтарлықтай үлес қосатын, тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, қазақ елінің атын күллі әлемге көрсететін де – жастарымыз.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі жаһан жұртшылығын әбігерге салған пандемия жағдайында өтіп отыр. Әлемді шарлаған індетпен ілесіп келген экономикалық дағдарыс қоғамымызда қордаланып қалған біраз мәселенің бетін ашып берді. Әсіресе бұл жағдай халықтың әлеуметтік жағдайын көрсететін денсаулық сақтау, білім беру салаларына үлкен салмақ түсіріп, жүйедегі олқылықтардың орны көрінуде.

Шынын айтсақ, карантин кезінде адамзаттың қоғамдағы көп мәселеге көзқарасы өзгерді, жалпыадамзаттық құндылықтарды ерекше бағалайтын болдық, біздің менталитетіміз, психологиямыз, сана-сезіміміз өзгере бастады. Елбасымыз айтқандай, адамның өзіне деген сенімі – үлкен күш. Бұл бойымызға – қажырлық, денемізге – қуат, жүрегімізге сенім ұялатады. Сабырлық, тәртіп, жауапкершілік, бірлік пен ынтымақтастықтың арқасында қазіргі қиындықтарды да абыроймен еңсереміз.

**Махметғали САРЫБЕКОВ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.**

# Ревакцинация стартует с 22 ноября в два этапа

Учитывая, чтобы в первую очередь были привиты лица из группы риска, то, соответственно, до конца текущего года с учетом сроков первичной вакцинации к ревакцинации подлежат уязвимые группы населения - медработники, педагоги, персонал и контингент медико-социальных учреждений, закрытых детских учреждений, сотрудники силовых структур.

Допускаются к ревакцинации без учета установленных сроков лица старше 60 лет, а также лица самостоятельно прошедшие исследование и имеющие отрицательный результат теста на антитела против коронавируса.

С учетом начала массовой первичной вакцинации в апреле месяце, все граждане республики, завершившие первичную вакцинацию через 6-9 месяцев после завершения полного курса вакцинации, подлежат к ревакцинации с января 2022 года. В этой связи на втором этапе к ревакцинации будут подлежать остальные граждане, завершившие первичную вакцинацию и у которых подошел срок ревакцинации.

**А. ЦОЙ, министр здравоохранения РК.**

**Ко Дню национальной валюты РК**

# Ветеран банковского труда

Введение национальной валюты стало важным символом и инструментом Независимости, обеспечило экономический суверенитет, проведение собственной денежно-кредитной политики и углубление реформ. Собственная валюта позволила государству также начать формирование полноценного банковского сектора. Не каждый человек может работать с деньгами, а только ответственные, усидчивые, терпеливые люди, способные к анализу и постоянному напряжению сил. Их работа важна и значима для общества, для экономической и финансовой стабильности.

Одной из преданных работников отечественной финансовой системы, ныне находящаяся на заслуженном отдыхе, является Айтпала Идрисова. Ответственная, усердная, максимально собранная и коммуникабельная, всегда вежлива с клиентами, приветлива и доброжелательна. Такой ее знают многие, кто приходил в Народный банк, работе в котором она посвятила 30 лет жизни.

Свой трудовой путь уроженка Восточно-Казахстанской области Айтпала Идрисова начала по направлению в г. Ерейментау в 1976 году после окончания Целиноградского техникума автомобильного транспорта по специальности «Техник-строитель». Техническая специальность интересовала не особо, больше по душе был строгий мир цифр и отчетов, поэтому была принято решение выучиться на бухгалтера, пройдя 2-годичные курсы бухгалтеров в Алматы. В 1988 году Айтпала Шакировна начинает свою работу в банковской сфере – ее принимают в Государственную трудовую сберегательную кассу г. Ерейментау. В 1991 году по семейным обстоятельствам Айтпала Шакировна вместе с семьей переезжает в г. Макинск, соответственно переводом устраивается в Сберкассу района, в котором она впоследствии проработала до выхода на заслуженный отдых, то есть до 2018 года.

Сегодня, когда трудовые будни позади, когда выросли дети, радуют успехами внуки, Айтпала Шакировна вспоминает свою работу с улыбкой на лице. А ведь когда-то было сложно: ненормированный режим, кропотливый труд, не терпящий ошибок и промахов, строгие отчеты, в составлении которых нельзя никак ошибиться. Айтпала Шакировна работала на разных участках банка: вела бухгалтерию, «подбивала» отчеты кассиров, сводила ежедневный баланс, начисляла заработную плату до централизации бухгалтерии в районе. Позже была переведена менеджером кредитного отдела. За годы работы было многое: и годы перестройки, и массовые сокращения, и всеобщая компьютеризация банковской системы. Приходилось идти в ногу со временем, работать в унисон развития сферы. Каждый новый рабочий день добавлял опыт, совершенствовал профессиональное мастерство. Айтпала Шакировна гордится тем, что проработала в такой важной и нужной для людей сфере, что помогала людям получать банковские услуги, полностью осознавая полезность своего труда. Почетный нагрудной знак «Ветеран труда», врученный ей от Народного банка – тому доказательство. Ведь солидный финансовый институт, именуемый сегодня Halyk Bank, берет свое начало с прошлого столетия, год его основания датируется 1923 годом.

Несмотря на огромную занятость на работе, Айтпала Шакировна, благодаря поддержке супруга, справлялась с домашними обязанностями. С мужем они воспитали троих замечательных детей. Старшая



дочь, как и мама, работает в учетной сфере, вторая дочь – учитель в сельской школе, сын работает массажистом в Центре оказания специальных социальных услуг.

Главным достоинством банковской сферы во все времена были и остаются люди, стараниями которых укрепляются традиции, создаются максимально благоприятные условия для обслуживания клиентов. Успешная работа любого банка невозможна без профессиональной и слаженной работы его сотрудников. И Айтпала Шакировна всегда останется эталоном таких верных своей профессии сотрудников. Сегодня она на связи с бывшими коллегами, общается с коллективом Halyk Bank.

В канун Дня национальной валюты Республики Казахстан от всей души поздравляем Айтпалу Шакировну и всех работников финансовой системы района с профессиональным праздником, желаем крепкого здоровья, счастья, семейного тепла, благополучия, успешной работы для укрепления и процветания нашей экономики!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл

# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Жастары өнерлі елдің өресі қашан да биік. Соңғы жылдары ауданымызда қалыптасып келе жатқан әдеби орта, көптеген үйірмелер өз жемістерін бере бастағандай. Оның дәлелі аудандымыздың жас ақындарының республикалық аламандарда топ жаруы.



Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Ұлы дала үні» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасында жерлесіміз, «Жас қалам» ақындар үйірмесінің шәкірті Бергенбек Азатбекұлы Бас жүлде иегері атанса, Павлодар қаласында өткен Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған республикалық оқушылар айтысында Нұрғиса Елеш алдына қара салмай «Бас жүлдені» жеңіп алды. Осы айтысқа қатысқан тағы бір жерлесіміз Ақтілек Қайымхан «Арнайы жүлдемен» марапатталды.

Жастайынан өнерді серік еткен жастарымыз кесек сөйлеп, дүбірлі бәсекелерде топ жарып жатса бұл тек аудан абыройы емес, ел мерейі. Мағжан сенім артқан «..Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар»- жастар осылар емес пе?!

5-сынып оқып жүргенінде «Жас қалам» ақындар үйірмесіне келіп, шәкірт болған Бергенбек болашағын да осы ақындық өнермен байланыстырды. Алдымен жазба поэзияның қыр-сырын меңгеріп, кейін айтыс әлеміне аяқ басты. Жасындай жарқылдап көптеген республикалық, облыстық байқаулдардың жүлдегері атанды. Қазір Нұр-Сұлтан қаласындағы «Шабыт» ұлттық өнер университетінде айтыс мамандығы бойынша білім алуда.

Жас болса да сөзі сүйектен өтетін Нұрғиса Қараөзек ауылындағы мектептің оқушысы. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» демекші Нұрғисаның әкесі Елеш Хавылхан есімі елге танылған ақын. Талай айтыстарда атой салып жүзден жүйірік келгені әлі есімізде. Әке жолын қуған Нұрғисаның бұл үлкен сахнадағы алғашқы жеңісі емес. Бұл республикалық деңгейдегі үшінші айтысы. Ең алғаш 4-сынып жылы Алматыдағы айтысқа қатысып, ең жас ақын ноимнациясымен марапатталып еді. Кейін Қызылорда қаласында өткен айтыста жүлделі 1-орын иегері атанды. Биыл Нұрғиса 6-сынып, жан-жақтан сөз мергендері жиналған Павлодардағы аламанда алдына қара салмады. Жеңімпаз атанып келген жас ақынымызға ауданымыздың белгілі кәсіпкері Тұрлыбек Алтайбекұлы өз алғысын білдірді.

Павлодардағы айтыста өзіндік сөз саптасымен дараланып, «Арнайы жүлде» иегері атанған Ақтілектің де алар асулары әлі алда. Қараөзек ауылының түлегі Ақтілек қазір Қызылжар жерінде білімін жетілдіріп жатыр. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ Бергенбек екеуі қатар шауып, талай айтыстың көркін кіргізген еді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Көкше жерінде алғаш «Бала ақын-жас дарын» атты облыстық оқушылар айтысы өтіп еді. Сол дүбірлі бәсекеде ақтық финалға шыққан төрт ақынның үшеуі бұландылық ақындар екенін естігенде бәрі бастарын шайқап еді. Сол үш ақынның бірі осы Ақтілек болса, енді біреуі Бергенбек. Тағы бір Нұржанат есімді ақынымыз Алматы қаласына оқуға кетті. Бұлардың соңдарынан ерген Нұрғиса айтыс әлеміне өзіндік ерекшелігімен келді. Сөз бәйгелерінде алдаспандай жарқылдаған жастарға тек сәттілік тілейміз.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**




# Қазақ күресі – ұлы дала өнері

«Боз кілемде белдесу үшін тек білек күші аздық етеді»- дейтін майталман спортшылар. Шынымен солай екен. Білегіңе қатар біліктілігің, қырағылығың, жылдамдығың болмаса жауырының жер искейді. Оны ауданымыздағы қазақ күресінің жаттықтырушысы Серік Шайкенов те растап отыр. Серік ұзақ жылдан бері ауданымызда қазақ күресінен шәкірттер баптап келеді. Ол туралы бұған дейін талай айтылып, талай жазылған еді. Бұл жолғы айтпағымыз ол емес әрине. Қолымызға қалам алдырғаны Данияр Байшуақов деген жерлесіміздің жеңісі. Данияр Жезқазған жерінде өткен Халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, Жезқазған қаласының құрметті азаматы Қабден Шыңғысовты еске алуға арналған V республикалық турнирде топ жарды. Атап айтсақ 2004-2005 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында 65 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, жүлделі 3-орын иегері атанды.



Бұл Даниярдың алғашқы жеңісі емес. Бұған дейін Астана, Алматы қалаларындағы байрақты бәсекелерде талай рет аудан намысын қорғап, жүлделі орындардан көрінген. Даниярдың бұл жолғы жарысқа қатысып, бақ сынауына «Aitas» АҚ фондынан Данияр Салауатұлы Тоқтарбаев және Мирас Жанарұлы қолдау көрсеткен болатын.

Сондай-ақ, қазақ күресінен 6-қараша күні Шортанды ауданында 2010, 2011, 2012 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында жарыс өтті. Бұл бәсекеде бақ сынаған жерлестеріміздің арасынан Алижан Ербатыров 1-орын, Максим Максимов 2-орын және Мадияр Берікболұлы, Марғұлан Дәулетбек, Ақжол Жандәулетов 3-орындардан көрінді. Бұл да біз үшін ауыз толтырып айтар қуаныш.



Осы айдың 16-18 аралығында Көкшетау қаласында республикалық «Жас барыс» додасына іріктеу өтеді. Балуандарымыз қазір дайындық үстінде. Іріктеуден өткендер Өскемен қаласында өтетін «Жас барыс» байқауында өңіріміздің намысын қорғайтын болады.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

# Тіл тазалығы – ұлт тазалығы

Ана тіліміздің әр дыбысы мен үнінде даламыздың мәдениеті жатыр. Ал, оны шұбарлау, бұрмалау өз тамырымызға балта шапқанмен бірдей. Өкінішке орай, қазіргі таңда сол балтаны өзіміз ұстап, өз қолымызбен балталап жатқандаймыз. Мәселен, күнделікті өміріміздe ерсі мағынадағы сөздерді көп қолданып, шұбар тіл қалыптастырып барамыз. Мысалы: звандаймын, заказ берем, кейде «заказать етейін деп едім» деген сөздерді естіп жатамыз, маяк таста, собщение жаз деген сияқта тағы басқа да көптеген сөздер қолданысқа кіріп барады. Мұның салдарынан құнарлы тіліміз құндылығынан айырылып қалмаса жарар еді. Осындай шұбарланған тілді санасына сіңіріп өскен ұрпақ тіл қадірін қайдан білсін?!

Тіл туралы толғанғанда көтерер тағы бір мәселе қазіргі теледидарды жаулап бара жатқан сахна тілі. Жасыратыны жоқ қазір сахна төрін Жайдарман, тағы басқа көптеген бағдарламалар жайлап барады. Жайласын, шықсын оларға еш қарсылығым жоқ керсінше қуанбасам. Бірақ, сол Жайдарманы болсын басқасында болсын ауызекі тілдегі сөздер көп қолданылады. Арасында күлдіремін деп бүлдіріп жататындары да бар. Көпшілік көп көретін, алдында телміріп сағаттап отыратын теледидар мен сахнаны бояуы қанық, тұнығы мөлдір ана тілімізді насихаттауға қолдансақ қандай керемет болар еді?

Домбыраның шанағынан күй болып ботадай боздаған, әуен болып әуелеген қайран тілім! Сен жойылсаң біздің де жоқ боларымыз хақ. Ғабит Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді»-деген еді...

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

Жыр тарту

## АНА ТІЛ

Адаммын Ана тілге бағынатын,
Ананың ақ сүтіндей табынатын.
Қазақпын,қазақ болып қала берем,
Өлсемде ана тілін сағынатын.
Ана тіл - асыраған Анам деп біл,
Ана тіл  - бесіктегі балам деп біл.
Сан ғасыр өз тіліңді жоғалтпаған,
Қазақты асқан батыр бабам деп біл.
Ана тілмен асқақпын да,шалқақпын,
Ана тілсіз мүсәпірмін, қорқақпын.
Ана тілмен биікпін де ұлымын,
Ана тілсіз қалай адам болмақпын.

* * *

## АҢСАУ

Бой тұмар әр түйір тастарың,
Алтын тақ,тұғырлы асқарың.
Өзіңнен өмірім басталып,
Ғұмырым жалғасқан қас-қағым.
Көзімді ашқанда шырылдап,
Есімім телінген ырымдап.
Өзіңде шырағым жағылған,
Бағымның жұлдызы жымыңдап.
Қанатты сермедім қияңнан,
Тектілік түлеген ұяңнан.
Жаралдым жазылып бітпеген,
Ғажайып ертегі қиялдан.
Атаңнан балаға жалғасқан,
Мен болам құлының марқасқаң.
Еншімдей бұйырған өлең жыр,
Қанатты қаламым алдаспан.
Сүрінсем сүйенер тірегім,
Жерім дер ұлыңның бірі едім.
Сөнседе ең соңғы шырағым,
Өзіңнен үзілмес күдерім.
Белгісіз енді қанша жүрерім,
Суыңнан бір жұтсам,тілегім.
Төсіңді бір құшсам сағынып,
Құм болмас бойдағы жігерім.
Кешегі,бүгін де жазылмыш,
Басылмас тулаған сағыныш.
Жүрекпен ұсынған жыр дәмін,
Мәрт  елім сүйсініп қанып іш.

**Қайымхан Әбділ, Қараөзек ауылы.**

# Батыр – анадан туады немесе бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі

Бала тәрбиесі ешқашан өзектілігін жоймайтын ауқымды тақырып. Белгілі бір заңдылығы жоқ бұл жүйеге әркім әр түрлі көзқараспен қарайтыны да жасырын емес. «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, әр ата-ана осынау бір өнердің қызығы мен шыжығын көріп келеді. Көзқарастары мен ой-пікірлері әр түрлі болса да заңдылық біреу, ол баланың бақыты, әрі жарқын болашағы. Осы бір арнада көзқарастар түйіскенмен, бала тәрбиесіне келгенде ұстанатын бағыттар басқаша болып келеді. Бір отбасында бала тәрбиесімен тек әйел адам айналысады, ал біреуінде ер адам әйел адам бірігіп күш салады. Бірақ, көп жағдайда ер адам түздің адамы есептеліп, тәрбие жұмысынан шет қалып қоятыны бар. Дегенмен, әйел адаммен қатар ер адамның да бала тәрбиесіне көңіл бөлуі толыққанды саналы ұрпақтың өсуіне айтарлықтай ықпал етері сөзсіз. Себебі, бала ортақ. Оған тек анасының құндылығын, ойын, сөздерін, көзқарастарын сіңіріп өсіруге болмайды.

Қазақ қоғамында көбінесе «Батыр – анадан  туады», - деп көп жауапкершілікті анасына артып қояды. Алайда, қорқақ та, сатқын да, жауыз да анадан туатынын ескерсек, адамның адам болып қалыптасу жолында тәрбиенің маңыздылығын айдан-анық көре аламыз. Әсіресе, ер бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әкесінен алатын тәрбиені, жігіттік мінез бен көзқарасты ол анасынан ала алмайды, сол үшін де жоқтың орнын толтыру мақсатында басқа да әрекеттерге бой алдырып кетуі ғажап емес.

Тарихқа үңілсек, әкесі қайтыс болған балаларды анасы әрқашан билердің, батырлардың, ең болмағанда мал бағушылардың қатарына қосып отыруға тырысқан. Есіктерінің алдында қызметші болса да, қолына су құйып, атының астын тазаласа да әкесінен ала алмайтын тәрбиені сол жақтан алып келуін қадағалап отырған. Дана халқымыз қай кезде не істеу керек екенін жақсы білген. « Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», - деген мақалмен-ақ тәрбие ісінде кімнің рөлі қандай екенін анық айтып берген.

Қазіргі заман  қыз баланың да қылықты әрі, нәзік болып өсуі тікелей әкесімен қарым-қатынасына байланысты екенін дәлелдеп отыр. Болашақ еріне сыйлы болуы, шын жүрекпен еркелеп, ашылған гүлдей құлпыруына әкесінің ықпалы күшті екендігін ешкім жасыра алмас. Абай атамыз: «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы-мұң», - деп бостан-босқа айтпаған ғой.

Сондықтан, құрметті әке, ұлыңыз нағыз жігіт болғанын, қызыңыз нәзік гүлдей болғанын қаласаңыз тәрбиесіне араласудан қашпаңыз. Еліне қызмет етер азамат пен отбасының мақтанышы болар аруды өсіру уақыт, жігер, қайрат, еңбек талап еткенмен, нәтижесін көргенде қуаныштан төбеңізді көкке жеткізбей қоймайды. Есіңізде болсын, Абайды Абай еткен Құнанбай, Ұлжан емес!

**Ш. ДАРМЕНОВА.**

# ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## Лучших чтецов эпоса «Ер Едіге» определили в области

В рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» в Кокшетау состоялся областной конкурс «Батырлар жыры – тәрбие көзі», посвященный 30-летию Независимости Казахстана.

18 школьников, являющихся победителями районных этапов, встретились на сцене «Болашақ сарайы» для демонстрации своих творческих способностей в чтении наизусть эпоса «Ер Едіге», версии, написанной академиком Канышем Сатпаевым.

Как отметили в управлении образования, основная цель конкурса состоит в широком воспитательном значении казахского эпоса, его эстетическом воздействии на подрастающее поколение через художественно-языковое совершенство и смысловую глубину сформированного веками казахского устного фольклора как источника гармоничного воспитания молодежи.

В выступлениях участников ощущалась тщательная и длительная подготовка. Школьники читали произведение выразительно и проникновенно.

Компетентное жюри, в составе которого ученые-лингвисты, исследователи казахского фольклора определило лучших чтецов.

Гран-при конкурса завоевала Айжан Жанбирова из Целиноградского района.

Обладателем первого места стала Таңнұр Аким, представляющая Зерендинский район, второе место присуждено Гүлнұр Манап из района Биржан сал, третье место заняла Ләйля Сүндетбай из Шортандинского района.

«Я очень рада, что приняла участие в конкурсе и выиграла гран-при. Все участники приехали с хорошей подготовкой. Конкурс чтецов прошел на высоком уровне», - отметила Айжан Жанбирова.

Победители, призеры и участники конкурса награждены дипломами, благодарственными письмами и сертификатами.

**Управление внутренней политики Акмолинской области.**



## БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Балабақшадағы тәрбиешінің жұмысы - өте жауапты, әрі өте қызықты жұмыстардың бірі деп білемін. Ең маңыздысы – балаларды барынша жақсы көру, оларға жан жылуыңды сыйлап, шын жүректен шыққан ықыласпен тәрбие беру.

Мен үшін тәрбиеші жұмысы – қызыққа толы тылсым сырлар балалар әлеміне үнемі саяхат жасаумен тең, олармен сол әлемнің тілінде сөйлесу, қандай да бір нәрсеге қызығушылықты ояту, жақсылыққа үйретіп, бойына жақсы қасиеттерді сіңіру. Себебі, тәрбиенің көзі балабақшадан, яғни, баланың ең кішкентай жасынан басталады. Іргетасы мықты қаланған ғимарат болашақта мықты да табиғат құбылыстарына бейімді болса, адам баласы да бала кезінен бастап жақсы тәрбие алып, білімге құштар болса, оның да болашағынан зор үміт күтуге болады.

Тәрбиеші болып жұмыс істеп жүргеніме 11 жыл болды. Аз уақыт емес, өйткені, жыл санап жұмыс өтіліммен бірге, тәжірибем, кәсіби шеберлігімде артып келері сөзсіз. «Гүлдер» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісімін. Жұмысымдағы серігім, әріптесім – топтың екінші тәрбиешісі А. Зейнел. Жұмыс барысында үнемі кәсіби даярлығымды шыңдап, дамытып келемін. Тәрбиеленушілерім аудандық, облыстық сайыстар мен байқауларға жиі қатысып тұрады, олардың шығармашылық қабілетін дамыту – біздің міндетіміз. Тәрбиеленушілерім мектепке барғанда жан-жақты дамыған, оқуға құштар, зейіні ашық, талапты болғаны тәрбиеші үшін үлкен мәртебе.

2020-2021 оқу жылының мамыр айында «Гүлдер» мектепалды даярлық тобы балабақшамен қоштасып, мектеп өміріне жолдама алды. Осыған орай «Балдәурен» бөбекжай балабақшасында арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, санитарлық талаптарға сай ата-аналардың қатысуынсыз өтті.




Қоштасу кешіне арналған бағдарлама әзірленіп, балалар даярлық тобындағы дайындығын паш етіп, өлең-тақпақтар жаттап, әсем әндер шырқап, мың бұрала би билеп, шағын көріністер қойып, ойындар ойнады. Бәрі де өте қызықты, әрі әсерлі өтті.

Мектеп табалдырығын аттап, оқуда озат болып жүрген бұрынғы тәрбиеленушілеріме ақ жол мен толағай табыстар тілегім келеді. Бұл балалар балабақшадан кетсе де, біздің, яғни тірбиешілердің, жүрегінде, есінде мәңгі сақаталады. Және олардың әрбір жетістігі біз үшін үлкен қуаныш. Өмірдің тек қана биік белестерінен көріңдер, қымбатты тәрбиеленушілер, балабақшадан алған алғашқы тәрбие көзінің нұры өмір жолдарыңа жарығын түсіріп тұрсын!

**А. ШАДЕТ, «Балдәурен» бөбекжай балабақшасының «Гүлдер» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі.**

## И физикам, и лирикам нужны хорошие учителя!

Обновленное содержание образования, совершенствование образовательного процесса, внедрение в образовательный процесс продуктивных педагогических технологий, развитие личности ребенка, модернизация педагогического мастерства – вот только часть задач, стоящих перед современным учителем. Но, не останавливаясь не перед чем, выполняя все поставленные задачи с оптимизмом, идут вперед учителя естественно-математического цикла Общеобразовательной школы села Вознесенка, во главе с руководителем Г. И. Гептиной.

В. И. Шиленкова, Г. Г. Черная, В. Ю. Ходаковская, С. Н. Марченко - фамилии тех, кто регулярно создают ситуации «успеха» для каждого учащегося, тем самым повышают уровень профессионализма учителя в сфере его педагогической компетенции.

Предметы естественно-математического цикла считаются одними из самых сложных предметов в школе, но, тем не менее, учителя стараются привлечь обучающихся к участию в различных творческих и интеллектуальных конкурсах, привлечь интерес учащихся к более глубокому изучению предметов естественно-математического направления разнообразием и современностью урока. Учителя ЕМЦ, на регулярной основе, проходят различного рода курсы повышения квалификации, участвуют в конкурсах и олимпиадах для учителей, где занимают призовые места, участвуют в семинарах районного уровня. Радует, что, не боясь трудностей образовательного процесса, с новыми идеями, в наше методическое объединение прибыл молодой специалист, учитель информатики А. Д. Тиржанова.

Много работы у учителя, много сложностей и проблем, но все уходит на задний план, когда видишь глаза ученика, слышишь слова благодарности в свой адрес.

**Г. ГЕПТИНА, руководитель методического объединения учителей естественно-математического цикла Общеобразовательной школы села Вознесенка.**

## Үш тұғырлы тіл саясаты

**«Біздің Отанымыз» тақырыбындағы үш тілдегі тілдесім үлгілері**

**(Реплики по теме «Наша республика», «Our republic»)**

| Қазақша | Орысша | Ағылшынша |
|---|---|---|
| Республикада жеке меншіктік бар ма?<br>Әрине,бар. Азаматтардың еңбек табыстары мен жинақ қоры,тұратын үйі мен қосалқы шаруашылығы, жеке тұтыну заттары т.б. олардың жеке меншігі болып саналады. | Есть ли в республике личная собственность?<br>Да,есть. Личной собственностью граждан являются их трудовые доходы и сбережения, жилые дома и подсобные домашние хозяйства личного потребления и.т.п. | Is there personel property in the republic?<br>Yes, there is. Citizen's incomes and savings from work, dwelling houses and subsidiary husbandries, articles of personal use and so on belong to them as their personel property. |
| Республикада кәсіподақ ұйымдары бар ма?<br>Бар.<br>Барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің 90 пайызынан астамы кәсіподақ ұйымына бірлескен. | Имеются ли в республике профсоюзы?<br>Да.<br>Более 90 процентов всех рабочих служащих объединены в профсоюзы. | Are there trade unions in the republic?<br>Yes, there are.<br>More than 90 per cent of all workers and employers are organized in trade unions7 |
| Сіздерде әлеуметтік қамсыздандыру мекемесі бар ма?<br>Әрине,бар. Оның қызметін барлық жұмысшылар мен қызметкерлер пайдаланады. | Есть ли у вас социальное страхование?<br>Да,есть. Им пользуются все рабочие и служащие. | Have you social insurance?<br>Yes, we have. All workers and employees are insured. |
| Қазақстанның ауа райы қандай?<br>Қазақстанның ауа райы мен табиғаты әртүрлі. | Какой в Казахстане климат?<br>Климат и природа в Казахстане разноообразны. | What's the climate in Kazakhstan?<br>The climate in Kazakhstan varies greatly from place to place. |
| Жылдың әр маусымы өзінше тартымды да қызық.<br>Туристер жаз бен күз айларында көп келеді.<br>Мен тамаша адамдармен кездестім.<br>...Мырза (ханым) мен үйге ...қайтамын.<br>ертең<br>...күні<br>... күннен кейін<br>Сізге(сіздерге) ... үшін ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіз<br>қонақжайлылығыңыз<br>көмегіңіз<br>қолдау көрсеткеніңіз (көрсеткендеріңіз)<br>маған жасаған барлық жақсылығыңыз | Все времена года посвоему привлекательны и интересны.<br>Больше всего туристов бывает летом и осенью.<br>Я встречался с интересными людьми.<br>Г-н (г-жа) … я уезжаю домой … .<br>завтра<br>…числа<br>через … дней<br>Разрешите вас поблагодарить за…<br>гостеприимство<br>помощь<br>поддержку<br>все, что вы для меня сделали | All seasons are interesting and attractive in their own way.<br>The greatest number of tourists come in summer and autumn.<br>I've met interesting people.<br>Mr. (Mrs.) … I'm leaving for home …<br>tomorrow<br>on the … th<br>in … days<br>I want to thank you for …<br>your hospitality<br>your help<br>your support<br>all you've done for me |
| Сізге... сенім білдіруге рұқсат етіңіз<br>хат-хабар алмасып тұрамыз деген<br>Маған ... оңай соқпай тұр<br>сізбен қоштасу<br>... сіздің ...кететініңіз<br>Қалай біздегі жағдай көңіліңізден шықты ма?<br>Маған көп нәрсе ұнады<br>Мен көптеген пайдалы (жаңа,қызықты) дүниелерге қанықтым.<br>Тамаша адамдармен таныстым<br>Маған сіздердің ... саласындағы жетістіктеріңіз үлкен әсер етті.<br>өнеркәсіп<br>ауыл шаруашылығы<br>құрылыс<br>Біз бір-бірімізден көп нәрсе үйрене аламыз<br>Сіздерге талай қызықты жайттарды көрсетеміз.<br>Келесі кездескенше , достар! | Разрешите выразить надежду в том , что ...<br>мы будем переписываться<br>Мне очень жаль...<br>расставаться с вами<br>что приходится уезжать из ... .<br>Как вам у нас понравилось ?<br>Мне очень многое понравилось.<br>Я увидел (а) много полезного ( нового, интересного)<br>Я познакомился с интересными людьми.<br>Большое впечатление на меня произвели ваши достижения в области<br>промышленности<br>сельского хозяйства<br>строительства<br>Мы можем друг у друга поучиться.<br>Мы покажем вам много интересного.<br>До новой встречи,друзья! | Allow me to express the hope that…<br>we'll write each other<br>I'm sorry that I have ….<br>to say goodbye to you<br>to leave<br>How did you like it here?<br>I liked many things<br>I've seen many useful (new,interesting) things.<br>I've met interesting people.<br>I'm greatly impressed by your achievements in the field of …<br>industry<br>agriculture<br>construction<br>We can learn much from each other.<br>We'll show you many interesting things.<br>Good –bye, friends, till we meet again! |

**Бұланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Тілдерді оқыту орталығы» КММ.**

# В ПРАВОВОМ ПОЛЕ

## Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

“Сыбайлас жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу”.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдарында аса қауіпті болып есептеледі. Практика көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройның құлдырауына ықпал етеді. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, лауазымды тұлғаларды қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына да кедергі жасайды және ұйымдасқан қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Сыбайлас жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді.

Бүгінгі күні елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген, оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар жалпы жүйелік және кешенді сипатқа ие болып отыр. Елбасының тапсырмасымен 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы әзірленіп, 2014 жылдың аяғында Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілді.

«Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық - жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді бұзады және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады», - деп атап айтқан болатын Елбасы Н. Ә. Назарбаев.

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес қылмыскерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес. Бұл - мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені» болып табылады, - деген Елбасымыздың сөзін баршамыз басшылыққа алғанымыз жөн.

**М. ХАЛМҰРЗАЕВ, Бұланды аудандық сотының судьясы.**

## Родитель платит штрафную пеню!

Родитель, препятствующий общению ребенка (детей) с другим родителем платит штрафную пеню.

Так, Специализированным межрайонным судом по делам несовершеннолетних Акмолинской области летом 2020 года рассмотрено гражданское дело по иску Р (отец ребенка) к ответчице П (мать ребенка) об определении порядка общения отца с сыном. Судом вынесено решение. Установлено что отец будет видеться со своим сыном в каникулярное время, осенью, зимой, весной и летом по пять дней. Несмотря на состоявшийся судебный акт, мать ребенка препятствует встречам отца с сыном, ссылаясь на то, что ребенок сам этого не хочет.

В целях выполнения решения суда, отец ребенка направил частному судебному исполнителю исполнительный документ.

Судебным исполнителем на протяжении двух месяцев велась праворазъяснительная работа с матерью ребенка, вручались предупреждения и уведомления об исполнении решения суда, к ребенку направлялся психолог, который показывал, что ребенок желает видеться и ждет встречи с отцом.

Ввиду неисполнения судебного акта, судебный исполнитель обратился в Специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних Акмолинской области с представлением о взыскании с матери пени, в доход государства.

Определением суда от 11 декабря 2020 года на мать наложена обязанность уплатить пеню более 25 тысяч тенге, и разъяснено о необходимости исполнения решение суда, и давать возможность видеться отцу с ребенком.

Такая пеня может накладываться каждый раз, если тот или иной родитель будет чинить препятствия.

Уважаемые родители, если у вас не получилась совместная жизнь с Вашими половинками, то будьте благосклонны к своим детям. Ведь они любят Вас обоих одинаково и хотят видеться намного чаще, чем Вы это представляете. Не доводите дело до суда, старайтесь решить элементарный вопрос мирным путем.

**Специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних Акмолинской области.**

## Задача судебных приставов в судопроизводстве

В судебном заседании должен обеспечиваться порядок, позволяющий создать полноценные условия для работы всех участников процесса. Любое судебное разбирательство должно происходить в условиях, обеспечивающих нормальную работу суда и безопасность лиц, присутствующих в зале судебного заседания. Осуществление порядка в зданиях суда возложено на судебных приставов. Согласно части 1 статьи 1 Закона Республики Казахстан «О судебных приставах», судебный пристав - должностное лицо, состоящее на государственной службе и выполняющее возложенные на него Законом задачи.

Задачами судебного пристава в соответствии со статьей 2 Закона Республики Казахстан «О судебных приставах» является следующее: 1) поддержание общественного порядка в зале во время судебного заседания; 2) контроль за исполнением наказаний, не связанных с лишением свободы; 3) содействие суду в выполнении процессуальных действий; 4) обеспечение охраны зданий судов, охрана судей и других участников процесса; 5) оказание содействия судебным исполнителям в принудительном исполнении исполнительных документов судов и других органов. Также, в обязанности судебного пристава входят осуществление охраны судей и иных лиц, участвующих в судебном процессе, а также лиц, участвующих в исполнительных действиях, во время совершения таких действий; обеспечивать охрану совещательных комнат, других судебных помещений и зданий; предупреждать и пресекать правонарушения в зале судебного заседания и помещении суда, а также во время совершения исполнительных действий; обеспечивать по поручению судьи доставку уголовного дела и вещественных доказательств и их сохранность при проведении судебного разбирательства вне места постоянного пребывания суда; выполнять распоряжения судьи, связанные с соблюдением порядка проведения судебного разбирательства; осуществлять привод лиц, уклоняющихся от явки в суд, к судебному исполнителю или на место совершения исполнительных действий и т.д.

Контроль за деятельностью судебных приставов в судах Акмолинской области осуществляет «Отдел внутренней безопасности и предупреждения коррупции в судах» Акмолинского областного суда.

**Ж. АБДИНА, старший судебный пристав Буландынского районного суда.**

## Түпкі атау – рухани жаңғырудың маңызды компоненті

